

**Синтез-газ (CO + H<sub>2</sub>)** өнеркәсіптік негізгі органикалық синтездің көп бөлігінің бастапқы шикізаты болып табылады. Синтез-газды қолдануды екі түрге бөлуге болады:

1) сутекті қолдану

2) көміртек оксиді және оның сутекпен қоспасын, яғни синтез-газдың өзін қолдану.

Тұтыну көлемі бойынша **сутекті** әртүрлі өнеркәсіптік гидрлеу үдерістеріне: катализдік риформинг, мұнай өңдеу өнеркәсібінде гидротазалау және гидрокрекинг, майларды гидрогендеу, қатты және ауыр отындарды гидрогендеуде және т.б қолданады.

Ал, **көміртек оксиді** - альдегидтердің, кетондардың, спирттердің, карбон қышқылдардың және олардың туындыларының (**Релле синтездері, оксосинтез және т.б.**) көптонналық өнеркәсіптік өндірудің негізіне жатады.